



Білімгі ұрпақ - ел ермені

3-БЕТ



Жолаушы тасымалдаудағы жауаптылық жоғары

5-БЕТ



Театр - жанғы өнер

8-БЕТ



• СҰХБАТ

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№92 (3721)
29 қараша 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• ЖОҒАРҒЫ СОТ

БОРЫШКЕРЛЕРДІҢ ШЕКТЕУДІ АЙНАЛЫП ӨТУІНЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ КЕРЕК



QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ JOǒARǒY SOTY

Сот әкімшілігінде борышкерлердің елден тыс жерлерге шығуына байланысты түйткілді мәселелері талқыланды. Іс-шараға облыстық және оған теңестірілген соттардың азаматтық істер жөніндегі сот алқаларының төрағалары, Бас прокуратураның, Әділет және Денсаулық сақтау министрліктерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Шекара қызметінің, Жеке сот орындаушылары республикалық палатасының өкілдері, Сот әкімшілігі аумақтық департаменттерінің басшылары қатысты.

(Соңы 2-бетте)

Сырым ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
Шымкент қаласы
мамандандырылған қылмыстық
істер жөніндегі соттың судьясы:

«ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН БІЛМЕГЕН АЗАМАТТАР ҚАТЕЛІККЕ КӨП ҰРЫНАДЫ»

– Азаматтардың құқықтық сауатын арттыру мақсатында Шымкент қаласындағы сот жүйесінде қандай шаралар атқарылып жатыр?
– Азаматтардың құқықтық сауатын арттыру мақсатында, шаһардағы аудандық соттардың ғимараттарында арнайы медиаторлар отырады. Сонымен қатар, Шымкент қалалық сотының Оқу орталығы арнайы әртүрлі тақырыпта дөңгелек үстелдер өткізуде. Әрбір аудандық және оған теңестірілген соттардың ғимараттарының 1-қабатында ақпараттық тақта орнатылған.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында заңдарға өзгеріс енгізіліп, жәбір көрсетушілердің жазасы қатайтылғаны белгілі. Жалпы жазаны өзгерту жауаптылықты арттыра ма?

– Бәрімізге белгілі 2024 жылдың сәуір айында «Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сай ҚР Әкімшілік және Қылмыстық құқық бұзушылық кодекстеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бүгінгі күні ол заңды күшіне енді.

Бұған дейін денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу әрекеттері әкімшілік құқық бұзушылық болып саналса, енгізілген өзгерістерден кейін қылмыстық құқық бұзушылық болып есептеледі. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіру қылмыстары үшін жауаптылық қатаңдатылып отыр.

Егер сотта тараптардың ҚР Қылмыстық кодексінің 68-бабын ескеріп, татуласуына байланысты айыпты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін бір жыл ішінде Қылмыстық кодекстің 108-1 және 109-1-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайталап жасаса, әрекетіне сай жаза қолданылатындығы қатаң ескертіледі.

(Соңы 4-бетте)

• СОТ ІС ҚАРАДЫ

СЕНГЕН ПОЛИЦИЯМ СЕН БОЛСАҢ...

Қара қылды қақ жарып төрелік айтқан Тараз қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Ләззат Ілиясованың әділ шешімі қолымызға қалам алғызып отыр.

Өткеннің бәрі жаман емес. Ежелгі тарихтан, ата-бабамыздың тәрбиелік мәні жоғары істерінен тағылым алу турасында айтылатын мақал-мәтелдер көп. Соның бірі – «Өткеннен өнеге ал!» Әрине, бұл жердегі мақсат жастарға жақсы істі үлгі ету екені айтпаса да түсінікті.

Кешегі кеңестік кезеңде мерзімдік басылымдар беттерінде «Менің милициям мені қорғайды» айдарымен қоғамдық тәртіп сақшыларының қырағы қызметі туралы әртүрлі жанрдағы материалдар көптеп жарияланып жататын. Өзіміз де ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп күзетінде тұрған, антына адал қызметкерлері туралы талай қалам

тартып, олардың қырағы қызметтерін өзгелерге үлгі еткенбіз, кеңінен насихаттағанбыз. Жоғарыдағы айдар сондай мәтіндегі мақалалардың шексінде шекірейіп тұратын.

Қоғам өзгерді, заман өзгерді. Милицияның атауын «полиция» деп өзгерттік. Бірақ, полицияның да міндеті – қоғамдық тәртіптің сақталуына қамтамасыз ету, қылмыскерді құрықтау, қылмыстың жолын кесу. Бұл ретте қоғамдық тәртіп сақшыларының атқарып жатқан істері аз емес. Қызметтік борышын өтеу барысында талай қиындықтарға тап болғандар, қылмыскерді құрықтауда ауыр дене жарақатын алып мүгедек болып

қалғандар қаншама! Тіпті, мерт болғандар да бар. Соның ішінде біз мақтан етіп айтар бір мысал – жерлесіміз, Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасовтың ерлігі.

Бес саусақ бірдей емес. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді. Осындай уақытпен санапай күн-түн қатып қызмет атқарып, қоғамда тәртіптің сақталуына, қылмыстың құрықталуына үлес қосып жүрген антына адал сақшылардың атына кір келтіріп жүргендер де бар. Мақала сондай «бір қарын майды шіріткен бір құмалақтар» жайында.

Әлкисса, әңгіме 2024 жылдың 22 мамырында Тараз қаласы Сыздықов көшесі 16 үйдің қақпасының алдына бөтен кісінің көлігін рұқсатсыз қойғанынан, одан көлігін алуды талап еткен үй иесі Амангелді Зәуірбековке әлгі көлік иесінің дөрекілік көрсеткенінен туындаған. Занды талабы үшін баласындай адамнан зәбірленген ақсақал сол аумақтағы полицияның учаскелік инспекторы, полиция аға лейтенанты Рауан Аманбайұлы Мірәбілдаевқа болған оқиғаға байланысты бейтаныс көлік иесіне шара қолдануды сұранып шағымдана барады. Қасында баласы Орын Зәуірбеков бар. Учаскелік инспектор тәртіп бұзушыдан жауап алудың орнына, ақсақалдың арызын жүре

тындап, тіпті, олармен қатқыл және агрессиялы түрде сөйлесіп (бұл жолдар 2024 жылдың 3 қазанында осы істі қараған соттың №3116-23-00-3ж/137 қаулысынан сөзбе-сөз көшіріліп алынып отыр. Б.Ж.), О.Зәуірбековтен тіркелген жерін сұрағанда ол Пірманов көшесі, 103 үйде 20 жылдан астам тұрғанын, бұл үй оның анасы Г.Мұсабекованың атында екенін, қазір өзі 15 мөлтек ауданда тіркеуде тұратынын айтқан.

Содан не керек, Рауан Мірәбілдаев үстінен шағым айтылып келген адамның ісімен айналысудың орнына Орын Зәуірбековтің тұрғылықты тіркелген мекенжайын анықтауға көшкен. Сөйткенде О.Зәуірбековтің жауабындағы «№15 мөлтек ауданда тіркеудемін» деген сөзі мен өзі жасырын түсірген бейнежазбаны негізге алып, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 492-бабының 2-бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Тараз қаласы, Пірманов көшесі, №103 мекенжайында тіркеусіз тұрып жатқаны анықталуына байланысты 2024 жылдың 21 мамырында О.Зәуірбековтің үстінен №243112030006731 хаттама толтырған да жіберген.

(Соңы 5-бетте)

• ЖОҒАРҒЫ СОТ

БОРЫШКЕРЛЕРДІҢ ШЕКТЕУДІ АЙНАЛЫП ӨТУІНЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Іс-шараны өткізуге борышкерлердің Қазақстаннан тысқары жерлерге шығуына уақытша шектеуді тоқтата тұру туралы сот орындаушыларының қаулыларына соттардың санкция беру практикасын талдау нәтижелері арқау болды.

Әдетте, 3 ай бойы 147 мың теңгенден (40 АЕК) астам қарызын өтемегендердің шекарадан асу мүмкіндігі шектеледі. Ал мұндай шектеулерді тоқтатуға жалғыз себеп – шетелде емделу қажеттілігімен байланысты.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, биылғы 10 ай ішінде сотқа жіберілген 1768 қаулының 867-сі немесе әрбір екіншісіне санкция беруден бас тартылған. Рұқсат беруден бас тарту шетелде емделу қажеттілігі туралы дәлелдің болмауына және өз елінде емделу мүмкіндігінің болмауына байланысты. Мысалы, тізе жаракатын емдеуге шетелдік емхананың шақыруынан басқа ауруды шетелде емдеу қажеттілігі туралы медициналық құжат ұсынылмағандықтан, сот борышкердің шетелге шығуына уақытша шектеуді тоқтату туралы қаулыға санкция бермеген.

Сот орындаушылары заңда көзделмеген негіздер бойынша (қызметтік іссапарлар, жарыстарға қатысу, жақын туыстарын жерлеу және т.б.) жол жүру-



ге уақытша шектеуді тоқтату туралы қаулылар шығаруға жол берген. Борышкерлер емделу үшін елден тыс жерлерге шығуға негіз ретінде Қазақстанда сәтті емделіп жатқан ауруларды (остеохондроз, гастрит, артрит, пульпит және т.б.) көрсеткен. Бұл жағдайға Қазақстанда емдеуге арналған тиісті технологиялар мен жабдықтар жоқ аурулар тізбесінің жоқтығы ықпал етіп отыр.

Әрі тоқтату мерзімі де реттелмеген. Соның салдарынан борышкерлер өз құқығын жиі пайдаланып, шектеулер мен тыйымдарды «айналып өтеді». Со-

нымен қатар, мемлекеттік органдардың борышкерлерге қатысты ақпарат алмасу жүйелері бір-бірімен жеткілікті түрде біріктірілмеген. Бұл мәселе де сот орындаушыларына берілген құжаттардың орындалуын бақылауға мүмкіндік бермейді.

Талқылау қорытындысы бойынша осы саладағы кемшіліктер мен олқылықтарды жою жөнінде кешенді ұсынымдар әзірленіп, уәкілетті органдарға жолданды.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

• САРАП

ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУДІҢ ЗАҢДЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Жол-көлік оқиғасының басты белгісі қандай да бір мүлікке материалдық залал келтіру немесе адам денсаулығына зиян келтіру.



Жол-көлік оқиғасы негізінде материалдық залал келтірумен байланысты құқықтық қарым-қатынастар ҚР Азаматтық кодексінің, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңының нормаларымен реттеледі.

АК-нің 934-бабына сәйкес, зиянды өтеу туралы талапты қанағаттандыра отырып, сот істің мән-жайына сәйкес зиян үшін жауапты адамды келтірген зиянды толық өтеуге немесе оны заттай өтеуге (тегі мен сапасы нақ сондай зат беруге, бүлінген затты жөндеуге және т.б.) міндеттейді.

Демек, зиянды өтеудің екі әдісі бар: ақшалай және заттай. Келтірген зиянды ақшалай толық өтеуде жол-көлік оқиғасы салдарынан бүлінген мүлікті қалпына келтіруге жұмсалған тиіс немесе жұмсалған сома белгіленеді.

АК-нің 917-бабы 1-тармағына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардың мүлдіктік немесе мүлдіктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүлдіктік және немесе) мүлдіктік емес) зиян толық көлемінде өтелуі тиіс.

АК-нің 931-бабы 1-тармағында қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Аталған нормаға сәйкес зиянды өтеу міндеті меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да заңды негізбен (мүлдіктік жалдау шарты, көлік құралын басқару құқығына берілген сенімхат көздерін

ру төлемі әрбір жәбірленушіге оның мүлкіне келтірілген зиянға мөлшерлес дәрежеде жүзеге асырылады. Сотқа талап қоюмен жүгінбес бұрын осы заңның нормасында көрсетілген сақтандырумен өндіру мөлшерін анықтап алған жөн. Залал шеккен тұлға залалды өндіріп алу туралы талап қоюды сақтандыру компаниясына немесе жол-көлік оқиғасы бойынша кінәлі тұлға бере алады.

Егер келтірілген залалдың көлемі жоғарыда аталған мөлшерден асып кеткен жағдайда, сақтандыру төлемі мен келтірілген залал айырмашылығын өндіріп алу туралы талап қоюға да бо-

Әдетте талап қоюшылар сотқа жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген материалдық залалды өндіру туралы келесідей талап қоюлармен жүгінеді. Олар: жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген залалды сақтандырумен өндіру туралы; жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген залалды кінәлі жүргізушіден өндіру туралы, жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген залалды кінәлі жүргізушінің жұмыс берушісінен өндіру туралы.

беру туралы құзыретті органның өкімі арқылы және т.б.) жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға немесе азаматқа жүктеледі.

Әдетте талап қоюшылар сотқа жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген материалдық залалды өндіру туралы келесідей талап қоюлармен жүгінеді. Олар: жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген залалды сақтандырумен өндіру туралы; жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген залалды кінәлі жүргізушіден өндіру туралы, жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген залалды кінәлі жүргізушінің жұмыс берушісінен өндіру туралы.

Жол-көлік оқиғасы негізінде келтірілген залалды сақтандырудың екі түрі бар. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру.

Заңның 24-бабында көрсетілгендей бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600 АЕК-тен көп емес; бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 600 АЕК-тен көп емес мөлшерде тағайындалады. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері барлық жәбірленушіге 2000 АЕК-тен аспауға тиіс. Зиян мөлшері сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асқан жағдайда сақтанды-

лады. Сонымен қатар, «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысының 35-тармағына сәйкес жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде үшінші тұлғаларға келтірген зиян үшін мүлдіктік жауаптылықты жұмыскермен еңбек қатынастарында тұрған жұмыс беруші көтереді. Бұл ретте зиянды өтеген жұмыс берушінің кері талап ету (регресс) құқығы болады.

Демек, заңмен жол-көлік оқиғасы бойынша кінәлі деп танылған жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде үшінші тұлғаларға келтірген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігі қарастырылған.

Осы негізде азаматтар жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалана отырып, жол жүрісі ережелерін сақтап, жол жүрісі қатысушыларына құрмет көрсетіп, егер де қандай да бір жол-көлік оқиғасы салдарынан азаматтық-құқықтық қатынастар туындап жатқанда, Азаматтық кодекстің, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңының талаптарын басшылыққа алып, өз құқықтарын қалпына келтіру үшін сотқа жүгіне алады.

Зухра МУКАШЕВА,
Атырау қалалық сотының судьясы

• КИЕ

Мемлекеттік тіл кез келген елдің тұғырлы тірегі, сондықтан, мемлекеттік тілде сөйлеп, оның мәртебесін көтеру әрбір ел азаматының борышы. Кімге болса да өз елінің мемлекеттік тілінде сөйлеу – міндет. Біздің бұлай деуімізге Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені Конституциямен айқындалса да, оны дамыту мәселесінің бүгінге дейін күн тәртібінен түспеуі себеп болып отыр.

«КӨШТІҢ ТҮЗЕЛУІ» ӨЗІМІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Мысалы, мемлекеттік тіл тағдырында кей замандастарымыз «Көш жүре түзеледі» қағидатын алға тартады. Шын мәнінде, дәл осы түсінік көп адамды мемлекеттік тіл мәселесінде кері көзқарасқа итермелейді. Бұған қоғамымызда 33 жылдан бері қазақ тілін білгісі де, сөйлегісі де келмейтіндер қатарының азаймауы дәлел.

Шындығында «көштің түзелуі» тек өзімізге, яғни Қазақстан мемлекетінің азаматтарына байланысты. Сондықтан мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру кімнен болса да нақты істі талап етеді.

Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені тайға таңба басқандай көрсетілген. Сондай-ақ, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатыны да айтылған. Бірақ, бұл орыс тіліне басымдық беру керек дегенді білдірмейді. Қазақстанда тұратын өзге халықтар тілдерін

дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Соған сай, ел азаматтары да мемлекеттік тіліне құрметпен қарауы тиіс.

Қазіргі қоғам әрбір адамның республикамыздың Тіл туралы заңымен көрсетілген «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі» деген талабы мүлтіксіз орындалуы тиіс.

Болашағымыздың жарқын, мемлекетіміздің мықты болуы қазақ тіліне тікелей байланысты. Өйткені, алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл». Ұлт ұстазының осы сөзі әрбір қазақты ойландыруы тиіс.

А.САБИРАДИНОВ,
Түпқараған аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

• САҢДЫҚ ЖҮЙЕ

СОТҚА КЕЛУШІЛЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында «Үлгілі сот» жобасының аясында салтанатты түрде осыдан біраз жыл бұрын фронт-кеңсе ашылды. Фронт-кеңсе ашудың басты мақсаты сотқа келушілерге қолайлы жағдай жасау және сот жұмысының кедергісіз принципін қамтамасыз ету болды.



Фронт-кеңсе содан бері ақпараттық орталықты, құту залын, құжаттарды тапсыру және қабылдауға арналған кеңсені, өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын, сот отырыстары туралы ақпаратты бар стенділерді қамтамасыз етеді.

Фронт-кеңсе халыққа қызмет көрсетудің заманауи стандарттары бойынша атқару техникасымен жабдықталған. Оның көп бөлігін ашық кеністік құрайды. Кеңсе іші «кедергісіз қағидат» бойынша көзге жайлы жасыл-ақ түстегі хай-тек стилінде безендірілген. Бұлайша рәсімдеу сот жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігін іс жүзінде қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Медиаторлар мен адвокаттар үшін жеке кабинеттер жабдықталған. Азаматтардың барынша қолжетімділігін және тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында сот жүйесін жаңғырту аясында аудандық соттардың қызметі одан әрі жетілдіріле түсеуде, сондай-ақ сот ісін жүргізуде жаңа технологиялар енгізілуде. Фронт-кеңсе бірінші қабатта орналасқан. Келушілер өздеріне өздері қызмет көрсететін бөлімшедегі «Сот кабинетін» пайдаланып, телефондарын да қуаттап алады.

«Сот кабинеті» – сот органдарының сервисіне электронды түрде қолжетімді біртұтас терезе. Бұл сот шығындарын едәуір қысқарта отырып, процеске қатысушыларға хабарландыруды жеделдетуге мүмкіндік береді. «Сот кабинеті» сервисіне тіркелу үшін алдымен, халыққа қызмет көрсету орталығында электронды цифрлық қолтаңба алуы қажет. «Сот кабинеті» сервисіне тіркелген әрбір тұлға электронды құжаттарды беру жүйесін пайдаланушы болып саналады.

Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді оңайлатады, төрелік тосқа-

уылдарды жояды, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады, бұл сыбайлас жемқорлықтың орын алмауын қамтамасыз етіп, азаматтардың уақытын және қаражатын үнемдейді, сот жүйесінің жариялылығы мен қолжетімділігіне мүмкіндік береді.

«Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервисі Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлық қолтаңбасы бар азамат тұтына алады.

Ақпараттық жүйені одан әрі жетілдіру мақсатында 2017 жылдан бастап «Мобильді сот кабинеті» сервисі іске қосылды. Бұл сервисінің көмегімен сотқа қатысушы тараптар сотқа келместен интернет желісіне қосылған мобильді құрылғы арқылы сот мәжілісіне қатыса алады. Аталған сервиске тіркелу үшін алдын ала сот кабинетін қолдану туралы келісіміне қол қойылады. Сонымен қатар, қолданушының ЖТН және мобильді телефонның номері қажет. Қолданушының көрсетілген телефон номеріне хабарлама арқылы құпия сөз келеді.

Аталған сервис арқылы сот жүйесіндегі жаңалықтармен танысу, онлайн түрінде тағайындалған сот отырысы туралы ақпараттар алу және «Сот кабинеті» веб-сервисі арқылы сот органына жолданған барлық құжаттарды телефон құрылғысына жүктеу, сот органына жолданған сот құжаттарының мән-жайын бақылау, хабарлама алмасу мүмкіншіліктері бар.

Ж.ЕСЕНОВ,
Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің басшысы

• ЖИЫН

Елдің болашағы үшін білімді, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан білім беру саласындағы мемлекеттік реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Шымкент қаласында да аса өзекті салада оң өзгерістер мен толағай жұмыстардың молынан жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Бұл мәлімет білім саласындағы соңғы 10 айдың көрсеткіштері бойынша өткен алқалы жиын барысында белгілі болды.

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ



Қалалық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Гүлнар Дәрібаеваның ұсынған деректеріне сүйенсек, шырайлы Шымқалада бүгінде 423 мыңнан астам бала тәрбиеленетін 1015 білім беру мекемесі жұмыс істейді. Саланы дамытуға биылғы жылы 230 миллиард тенгеден астам қаражат бөлінген. Қомақты қаржыландырудың арқасында мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қамтудағы көптен бері қордаланып келген кезек мәселесі біршама шешілген. Білім басқармасының мәліметінше балабақшалар салу шаһарда қызу қарқын алған. Оған дәлел жыл соңына дейін-ақ қаланың әр түкпіріндегі 11 мыңнан астам бала балабақшамен қамтылмақ. Жалпы саны 35 балабақша пайдалануға берілмек. Онымен қоса білім беру саласындағы реформаларды іс жүзінде жүзеге асыру бағдарламаларының көмегімен 2023 жылдан бері 988 педагог кәсіби деңгейін көтеретін біліктілігін арттыру курсынан өткен. Сондай-ақ биылғы жылы тағы мыңға жуық балабақша ұстаздарының біліктілігін арттыру жоспарланған. Г.Дәрі-

баева жария еткен деректерге сүйенсек алдағы жылы мегаполисте бейінді білімі бар тәрбиешілердің үлесін жүз пайызға жеткізу мақсаты тұр.

– Биылғы жылы Шымкент қаласында тұңғыш рет озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу мақсатында шаһардың 10 мектепке дейінгі мекемесінде «Құзыреттілік орталықтар» іске қосылды. Мұнымен қоса балабақшаларда ата-аналарға арналған 97 консультациялық пункттер қызмет етеді. Алдағы жылы тағы 15 орталық ашу жоспарланған, – дейді басшы.

Білім беру мекемелерінде жаңадан іске қосылған бұл консультатиялық көмек беретін пункттер көп балалы жас отбасыларға кеңес беруге бағытталған. Әсіресе әлеуметтік осал, көп балалы және толық емес отбасылы ата-аналарға кеңес беріледі. Білім беру саласындағы арнайы консультатиялық көмек беру бекеттеріне жыл басынан бері мыңнан астам адамның жүгінуі оның жұмысының маңыздылығын аңғартады.

Балабақша тәрбиеленушілерінің

сылып жатыр. Атап айтқанда, ваучерлік қаржыландыру бойынша жұмыс біршама оң өзгерістерге жол ашқан. Соның арқасында Білім беру мекемелерінде тек бір айдың ішінде ғана 4600 бос орын пайда болған.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге де баса назар аударылғанын атап өткен жөн. Басқарма мәліметінше, әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 12 мыңнан астам баланы ыстық тамақпен қамтамасыз ету көзделген.

Шаһарда орта білім беру саласын дамытуда да оң өзгерістер басым. Мемлекеттік және жекеменшік білім беру мекемелеріндегі білім сапасын арттыру, ұрпақты сапалы біліммен қамтамасыз ету бағытында мемлекеттік бағдарламалар көмегімен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, заманға сай цифрлық білім беру ресурстарымен қамту, педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өткізуге баса назар аударылған. Көрсеткіштер саны

жоғарылап, кәсіби біліктілігі жоғары маман кадрлардың қатары жыл санап артып келе жатқаны байқалады. Мұны басқарма басшысы айтқан сандық мәліметтерден аңғаруға болады.

2023 жылы 8 763 педагог біліктілігін арттыру курсынан өтсе, биылғы жылы 8608 ұстаз арнайы курстардан өткізілмек. Тек осы он айдың ішінде ғана 8243 педагог біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Бұл білім беру мекемелеріндегі білім сапасының жоғарылауына тікелей әсер ететіні сөзсіз, – дейді Гүлнар Дәрібаева.

Ұстаздардың білімін жетілдіріп, түрлі біліктілік курстарынан өткізу оқушылардың да білім сапасының

мыңнан астам балаға киім-кешек пен кеңсе заттары сатып алынған. Сондай-ақ арнайы бекітілген жоспар негізінде 9 мыңнан астам бала жергілікті бюджеттің есебінен қала сыртындағы лагерьлер мен мектеп жанындағы алаңдарда демалған. Балалардың жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында қала аумағында спорттық және шығармашылық үйірмелер жұмыс істеп, онда 20 мыңнан астам бала қатысқан. Сонымен қатар, жекеменшік білім беру мекемелерінде де мемлекеттік тапсырыс аясында 12 мыңнан астам баланың қабілетін ұштауға мүмкіндік берілген.

Шаһарда инклюзивті білім беру мекемелерінің қатары да жыл санап артып келеді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған білім беруді жетілдіру мақсатында бірнеше білім беру мекемелерінде инклюзиялық қолдау кабинеттері де ашылғанын атап кеткен жөн. Онда балаларды дамыту үшін барлық жағдай жасалған.

Арнайы мектеп-интернаттар жүз пайыз пандустармен, ішкі есіктер мен жетханалармен қамтылған. Қазіргі таңда қалада ерекше білім беруді қажет ететін 12 мыңнан астам бала бар. Әсіресе, сөйлеу бұзылыстары, аутизм белгілері және психофизикалық ауытқушылықтары бар балалардың саны басым. Сондықтан арнайы білім беру орындарымен қатар, педагогикалық-психологиялық түзету кабинеттері тұрақты түрде жұмыс істейді. Онда балаларға логопедиялық көмектер беріледі, – дейді басшы.

Басқарма мәліметінше қалада өкінішке орай балалар арасында қылмыстық оқиғалар да бар. Кәмелет жасына толмаған балалар арасында ұсақ бұзақылық, ұрлық, тонау сияқты қылмыстардың, сондай-ақ суицид оқиғаларының артуы білім беру ұйымдарындағы құқықтық тәрбие беруге де баса назар аудару қажеттігін көрсеткен. Қылмыстық оқиғалардың алдын алу мақсатында шаһардың 136 білім беру ұйымдарында «HR+психологиялық-педагогикалық мониторинг» автоматтандырылған жүйесі енгізілген. Келесі жылы бұл жүйені тағы 159 мектепке енгізу жоспарланған.

Білім беруде бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату, балаларды қосымша техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Басқарма мәліметінше қалада білім саласында алдағы жылдары да іргелі жұмыстарды қолға алу көзделіп отыр.

**Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ**

• АКЦИЯ

Шымкент қаласында жастар саясаты өте жоғары деңгейде жүзеге асып жатыр. Әсіресе жастарды жаман әдеттерден сақтандыру бағытындағы жұмыстар елеулі. Мәселен кеше ғана қалада «Жастар есірткіге қарсы» челленджі өтті. М. Әуезов атындағы университет студенттері «Жастар есірткіге қарсы» науқанын қызу қолдады. Бұл челлендж жастар арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық науқанның бір бөлігі деп айта аламыз.

партаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Бауыржан Қарбеков, Шымкент қаласы прокуратурасының басқарма бастығы Жандос Досанов жастардың өзекті мәселелері және оны шешу жолдарын талқыға салды. 600-ден астам жастар қа-

• МЕЖЕ

ЖИРЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕН

Шымкент қаласында бүгінгі күні жастар жалпы халықтың 31,4% құрайды. Сондықтан қала аумағында жастарға арналған шаралар жиі өткізіліп, жастар мәселесіне барынша қаралып, оларға қолайлы жағдай туғызуға аса мән беріледі. Соның айғағы соңғы үш күнде қалада жастарға арналған шаралар алуан түрлі бағыттарды қамтыған.



Мәселен, жақында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында Жастар ресурстық орталығының психологы Айгүл Қанатқызы және Абай АПБ зорлық-зомбылыққа қарсы тобының өкілі, полиция майоры Гүлмира Бектемисова-лар қатысып, пробация есебінде тұрған жастарға жеке психологиялық қабылдау жүргізілді. Психологиялық көмек көрсетудің мақсаты – қайта қылмыс жасаудың алдын алу, пробация есебіндегі жастармен жүйелі жұмыстар жүргізу және психологиялық кеңес беру.

Сондай-ақ жастар арасындағы құмар ойынға тәуелділіктің зияндылығын түсіндіру мақсатында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Құмар ойын әдет емес, дерт!» тақырыбында Шымкент аграрлық-техникалық колледжінің студенттерімен кездесу өткізілді. Кездесуге Аналар үйінің төрайымы Зулфия Бекмырзаққызы және Жастар ресурстық орталығының психолог маманы Әбдірашит Айзада қатысты. Спикерлер құмар ойынының қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі екенін

атап өтіп, құмар ойындарының кесірінен құрдымға кеткендердің өмірін мысалға келтірді. Шара колледж студенттерінің көңілінен шыққаны байқалды.

Қазіргі таңда жастардың дінге қызығушылығы да жоғары. Сондықтан Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Кереғар діни ағымдардың қоғамға кері әсері» тақырыбында Жолкөлік колледжінің студенттері арасында кездесу өтті. Діни ағымдардан сақтану туралы терең түсінік беру, ата-ананы құрметтеу секілді тақырыптарды қамтыған жиынға жастар белсене атсалысты. Кездесуге «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің маманы Бексұлтан Жұмаханұлы, «Мәртөбе» мешітінің имамы Анаргали Пирәліұлы қатысты. Олар де-структивті діни ағымдардың алдын алу жолдары мен дін бағытындағы бірқатар ақпараттармен бөлісті.

Жастарға мамандық таңдауда жол сілтеуге де аса мән беріліп отыр. Кеше ғана өткен тағы бір шара осы мамандық таңдауға арналды. Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен түрлі мамандық иелерінің бір күндік жұмыс барысы – «Профнавигация» жобасы айдарында арнайы әзірленді. Болашақ жас буынның мамандық таңдаудағы білімін арттырып, қосымша ақпарат көздерімен қамтитын бұл шараның да жастар үшін маңызы зор.

**Қ. ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»**

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ!

Өкінішке орай, көбінесе қылмыс әлеміне жастар тартылып жатады. Оң мен солын ажырата қоймаған жастардың оңай ақша іздеп, есірткі тасымалы арқылы пайда табуға ұмтылуы бүгінгі қоғамның жағымсыз көрінісіне айналып отырғаны жасырын емес. Осы орайда мұндай шаралардың маңызы зор. Аталмыш шараға 5000-ға жуық студент қатысып, өздерінің белсенді ұстанымдарын білдірді. Бұл челленджді ұйымдастыруға оқу орнының ректоры мен оқытушылары, сондай-ақ ішкі саясат басқармасының қызметкерлері белсенді қолдау көрсетті.

Есірткіге қарсы тағы бір шара Шымкент жоғары педагогикалық колледжінде өтті. Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен шараға студенттер үлкен қолдау білдірді. Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын ұстанып, спортқа баулу мақсатында

өткізілген шараға колледждің мыңдаған студенті қатысты. Кездесуге Шымкент қаласының полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі полиция капитаны Кеңес Сержан, Шымкент қаласы Психикалық денсаулық сақтау орталығының нарколог дәрігері Баймурунова Раушан қатысты. Кездесу барысында спикерлер нашақорлықтың адам өмірі мен денсаулығына кері әсері, есірткіге құмарлықты қалыптастыруға ықпал ететін факторлар туралы қажетті ақпараттар беріп, жастарды салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақытында тиімді істермен айналысуға шақырды.

Есірткіге қарсы өткізілген тағы бір шара қалалық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өтті. «Заң сіз бен бізге ортақ» тақырыбында құқық қорғау органы қызметкерлері жастармен кездесті. Шымкент қаласы Полиция де-

тысқан шара құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген. Қаладағы жоғары оқу орындары мен орта арнаулы оқу орындарының есірткілері қатысқан жиында есірткі және нашақорлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, жастар тәрбиесі жан-жақты қамтылды.

Жиында Бауыржан Қарбеков нашақорлықтың алдын алу шаралары туралы мәлімет беріп, есірткінің қоғамға зияны туралы атап өтті. Қоғамдағы түрлі құқықбұзушылықтардан алыс жүріп, жастарды еліне адал қызмет етуге, ата-ананың үмітін ақтауға шақырды. Қазіргі таңда есірткі қылмысының жауапкершілігі қатаңдатылғаны да жиында кеңінен талқыланды. Сондықтан шымкенттік жастар жаман әдеттен бойын аулақ ұстайды деген үміт зор!

**Қуаныш ӘБІЛДАҚЫЗЫ,
«Заң газеті»**

• СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің шеңберінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін 73-бап, 73-1-бап, 73-2-бап, 461-баптарында негізделген. Заңдағы өзгерістер бойынша қазіргі таңда тараптардың қайта татуласуына мүмкіндік жоқ. Тек сотта ғана бір рет тараптардың татуласуына жол береді. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылықтар қайталанған жағдайда 25 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу мерзімі ұзартылды.

Әрине, жазаны өзгерту жауаптылықты арттырады, бұрын бірнеше рет ерлі-зайыптыларға сотта кешірім берілетін. Қазіргі таңда, бір рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалар, ерлі-зайыптылар екінші рет іс-әрекетке бармастан бұрын заң бойынша жауапкершілік қатаң екенін түсінеді.

– Сот отырысында азаматтар өзін-өзі қаншалықты қорғай алады?

– ҚР Конституциясының 13-бабына сәйкес, кепілдіктерді баян етеді, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзін құқықтары бойынша, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғануға хақылы. Әркім өз құқықтары мен бо-



Сырым ЖАҚСЫЛЫҚОВ, Шымкент қаласы мамандандырылған қылмыстық істер жөніндегі соттың судьясы:

«ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН БІЛМЕГЕН АЗАМАТТАР ҚАТЕЛІККЕ КӨП ҰРЫНАДЫ»

стандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар деп көрсетілген.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы, жыныстық қатынас бойынша қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстардан басқа барлық сот отырысы ашық түрде өтеді. Сот отырысында төрағалық етуші іске қатысушы тараптарға заң аясында Қылмыстық-процестік кодексте көрсетілген құқықтарын пайдалана алатыны туралы түсіндіреді. Яғни, өзін-өзі қорғау мақсатында, өзінің дәлелдемелерін ұсынуға, өтініс-хаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге, қойылған талап бойынша түсініктеме беруге, іс бойынша тіркелген құжаттармен танысуға, сот отырысының хаттамасына ескерту беруге құқылы. Судья өз кезегінде

сот отырысында әрбір тараптың уәждерін және сотқа ұсынған құжаттары мен дәлелдемелеріне баға береді.

– Адвокаттардың білімі мен білігіне қандай баға берер едіңіз?

– Жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы ең маңызды рөл адвокаттарға жүктелген. Адвокаттар азаматтарға білікті заң көмегін көрсетудегі мамандандырылған әлеуметтік институт екені сөзсіз.

Еліміздің барлық азаматтары іс-жүргізу кезінде адвокаттарға жүгінуге құқылы немесе мемлекет тарапынан адвокаттар беріледі. Адвокаттардың іс-жүргізу тетігі 2018 жылы 5 шілдесінде қабылданған ҚР Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасына негізделеді, осы заң мен адвокаттық қызметтен және заң көмегін реттейтін

Азаматтар сотқа жүгінгенде қателіктен емес, өз құқықтарын білмегендіктен көп жағдайда бір қатар кемшіліктерге жол береді. ҚР ҚПК-де әрбір тұлғалардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Алайда, сотқа жүгінген тұлғалар заң нормасының аясында көрсетілген негіздерге назар салмайды.

өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Адвокаттар жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және

оларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында, заңда белгіленген тәртіппен, кәсіптік негізде заң көмегін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша сот үкімдерінің статистикасына мән беретін болсақ, 2023 жылы 2699 қылмыстық іс қаралған, соның ішінде 53 адамға қатысты ақтау үкімі, 2021 жылы 2691 қылмыстық іс қаралған, соның ішінде 35 адамға қатысты ақтау үкімі, 2024 жылдың бірінші жарты жылдығында 1287 қылмыстық іс қаралған, соның ішінде 10 адамға қатысты ақтау үкімі шыққан. Әрбір ақтау үкімінен адвокат-қорғаушының белсенді, кәсіби және жан-жақты қызметінің нәтижесін көруге болады.

ҚР ҚПК 70-бабында қорғаушының өкілеттіктері көрсетілген.

Тәжірибеге қарағанда, көп жағдайда азаматтарға және сотқа жүгінген тұлғаларға білікті мамандардың қажет екені анық көрінеді. Себебі, адвокаттар құқық қорғау органдарында және сот отырысының процестерінде өз іскерлігімен азаматтардың құқықтарын қорғай алады. Сот-тергеу тәжірибесін зерттеу көрсеткендей, алдын ала тергеу барысында, азаматтарға заңгерлік көмек көрсету кезінде қорғаушылардың белсенділігі артқан. Адвокат-қорғаушының қорғау бағытындағы қызметі барған сайын білікті бола бастады. Елімізде көптеген білікті адвокаттар бар, Айдын Бікебаев, Данияр Қанафин сияқты және т.б. өз кәсібінің жоғары деңгейдегі мамандары деп айта аламыз.

мегендіктен көп жағдайда бірқатар кемшіліктерге жол береді. ҚР ҚПК-де әрбір тұлғалардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Алайда, сотқа жүгінген тұлғалар заң нормасының аясында көрсетілген негіздерге назар салмайды. Мысалы, іс жүргізу кезінде сотталушы көп жағдайда құқық қорғау органдарының тараптарына шағым келтіреді, өзінің сотқа дейінгі тергеу-тексеру барысында берген жауаптарын оқымай хаттамаға қолын қояды. Сонымен қатар, сот тергеуі басталмай жатып, қылмыстық іс-құжаттарымен толыққанды таныспайды, қылмыспен келтірілген шығынды өндіру туралы талап-арызды беруге құқығы бар екенін біле тұра, талап қою арызын бермейді.

– Сотқа жүгінгенде азаматтардың қателіктерін азайту үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қалай жүргізілуі керек?

– Азаматтар қателіктер жібермеу үшін бірінші дәрінінен бастау керек, қазіргі кезде адвокаттар алқасында да, күнделікті кезекші адвокаттар отырады, солардан толық ақпарат кеңес алуға мүмкіншілік жасалған. Одан басқа сот ғимаратының ішінде ақпараттық стол бар, сол жерде соттың қызметкерлерімен, арыздардың, шағымдардың, өтініштердің үлгілері беріледі, сонымен бірге, кеңес алу үшін сотта адвокаттар мен медиаторлар бөлмесі және олармен байланысқа шығатын телефон нөмірлері көрсетілген. Сонымен, сотқа жүгінуге кезеңінде азаматтарға барлық ақпарат толық беріледі.

– Сіздің тәжірибеңізде ең жиі кездесетін құқықтық қате қандай және оны болдырмау жолдарын айтыңыз?

– Кейбір азаматтар сотта және сот тергеуінде қылмыспен келтірілген материалдық, моральдық шығынды өтеуді сұрайды, алайда көбісі өзіне келген шығынды өтеу институтын медиаторлар арқылы қолданбайды. Өкінішке орай, азаматтар бұл медиация институтын қолдануға мүмкіншілік бар екенін біле тұра, оған жүгінбейді.

Медиация тәртібімен келіскен тараптар, сотта істің қаралу мерзімін қысқартады және де заңгерлерге, сот-сараптамаларына кететін шығындарды азайтады.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

• БАҒДАР

Он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза кезделген қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылады.

АСА АУЫР ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАРАЛУ РЕТІ

Бірінші сатыдағы соттарда қылмыстық істерді қарауды – судья жеке-дара, ал аса ауыр қылмыстар бойынша:

- 1) төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру;
- 2) бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;
- 3) террористік және экстремистік қылмыстар;
- 4) соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған ескері қылмыстар;
- 5) қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар;
- 6) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы аса ауыр қылмыстар туралы істерді қоспағанда, айыпталушы-

ның өтінісхаты бойынша сот алқабилердің қатысуымен бір судья және он алқабилер құрамында жүзеге асырады.

Аса ауыр қылмыстар санына жататын қылмыстық істер жеке дара судьяның өзі немесе алқабилердің қатысуымен қаралады. Таңдау тек сотталушының құқығы болып табылады. Яғни, жәбірленуші, адвокат істің алқабилермен қаралуын таңдай алмайды. Сотталушы өз құқығын алдына ала тергеуде, не болмаса қылмыстық іс сотқа жолданған, судья басты сот талқылауын тағайындау туралы кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін пайдалану қажет.

Аса ауыр қылмыстарға адам өлтіру, аса көп мөлшерде есірткі заттарын қылмыстар туралы істерді қоспағанда, айыпталушы-

былық әрекеттері, он алты жасқа толмаған адамдарға сексуалдық сипатта тиісу сияқты, т.б. қылмыстарды жатқызуға болады.

Аталған қылмыстар бойынша сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігін қылмыстық істерге тіркелген барлық іс құжаттарын зерттеу арқылы сот анықтайды.

Оның ішінде сотталушы, жәбірленуші, куәлардың жауаптарын тыңдап, жан-жақты толық объективті түрде зерделенеді. Қылмыстық іске қатыстылығы толық анықталады.

А. КОХАНОВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

• АСЫЛ МҰРА

ОРТАҚ ПАРЫЗ

Тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды, дамымайды. Тілсіз қоғам жоқ, ұлттың болашағы болмайды. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тіл – мемлекеттің тұғыры, тірегі. Ана тілінің қадір-қасиетін білген халық оны ұлттың рухани қазына байлығына балайды.



Тіл – қатынастың кілті, ел мен елді табыстырады, жақындастырады, ынтымақтастырады. Сол себепті де, мен қазақ тілінің жанашыры ретінде қазіргі таңда мемлекеттік тілге толыққанды көшу үшін және қазақ тілінің бөделін одан әрі нығайту үшін, ең алдымен, мемлекеттік тілді оқытудың мазмұны мен сапасына көңіл бөлу қажет деп есептеймін. Өйткені, анамыздың сүтімен бойға

даритын тілдің әр адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы орны ерекше. Бүгінгі қоғамның да алдымызға қойып отырған басты талаптарының бірі – өз ойы мен пікірін өз ана тілінде еркін жеткізе алатын, сол арқылы кез келген ортаға тез бейімделе білетін, сөйлеу тілі қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Президентіміз Қ.Тоқаев қазақ тілі мәселесін шешудің төрт жолын айтқан болатын.

Біріншіден, мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек.

Екіншіден, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

Үшіншіден, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

Төртіншіден, телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет.

Ел тәуелсіздігін мәңгілік еткіміз келсе, әрбіріміз осы аяулы борышымызды айна қатесіз атқаруға тиіспіз. Болашақ – әр қазақстандықтың қолында. Ұрпақ тәрбиесіне жауапты қарап, туған тілін талап етсе, шешілмейтін мәселе жоқ.

Бекмырза КЕҢЕСОВ,
Ақтөбе қалалық мамандандырылған тергеу сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

• СОТ ІС ҚАРАДЫ

• ОҢ ҚАДАМ

СЕНГЕН ПОЛИЦИЈАМ СЕН БОЛСАҢ...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оны растап Тараз қаласы ПБ 2-ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі С.Әмірбеков 2024 жылдың 10 маусымында Р.Мірәбілдаевтың хаттамасы негізінде №243112030006731 санды қаулы шығарған.

«Дүмше молда дін бұзар» дегендей бұл жерде О.Зәуірбековтің іс-әрекетіне байланысты хаттама толтырған полицияның учаскелік инспекторы Р.Мірәбілдаев та, оның хаттамасы негізінде қаулы шығарған 2-ПБ бастығының орынбасары С.Әмірбеков те құқықтық сауатсыздықтарын көрсетіп отыр.

Мұны дәлелді түрде сот қаулысы негізінде сөйлеткеніміз дұрыс болар. Тараз қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі маманданды-

жасағаны туралы толтырылған хаттама мен шығарылған қаулының күшін жою туралы сотқа берген шағымы қанағаттандырылды. Тараз қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Ләззат Лиясова іске нүкте қойды.

2024 жылдың 21 мамырында полицияның учаскелік инспекторы Рауан Мірәбілдаевтың құқықтық сауатсыздығынан басталған сарсаң 2024 жылдың 3 қазанында бір-ақ аяқталған. Бақандай 4 ай 14 күн! Бір қалада тұратын әке-шешесінің үйіне оны-мұны тірліктеріне көмектесуге барып тұратын азамат Орын Зәуірбеков полицияның учаскелік инспекторы Рауан Мірәбілдаевтың осындай олқы тірлігі үшін осынша уақыт әуре-сарсаңға түсіп, моральдық зардап шеккен. Оның өтеуі кімнен болмақ?

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, қазан айының басында Шымкент қаласында тіркелген автокөліктердің саны 231 547 болды. Өсім өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 119,2 пайызды құрады. Бұл жағынан Шымқала Алматы мен Астанадан алда тұр.



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ

Қалада ескі көліктердің үлесі басым. Атап айтқанда, жеңіл көліктердің тек 16243-і ғана соңғы 3 жылдан шыққан. Ал мінілгеніне 20 жылдан асқан көліктер саны 65945-ті құрап отыр. Жүк көліктерінің де басым бөлігін жолда жиырма жылдан артық жүргендер құрайды. Дегенмен, Шымкентте жолаушылар қауіпсіздігіне айрықша мән берілетіні аңғарылды. Өйткені, қала ішіндегі бағыттар бойынша жолаушы тасымалдайтын автобустардың басым бөлігі жаңадан шыққан. Сонымен бірге жолаушылар тасымалымен айналысатын мекемелер жыл сайын автобустарды тексеріп, үнемі жөндеуден өткізіп, қауіпсіздікті қаперінде ұстап отыр. Автобус паркін жаңа көліктермен жаңарту мәселесі де назардан тыс қалған емес.

Шымкентте 6714 көше бар

Шымкент халқының жүз адамға шаққанда 16,7 пайызы жеке көлікпен қамтамасыз етілген. Осы арада республикадағы орташа көрсеткіш 23,3 екенін айта кеткен жөн шығар. Шаһар еліміздегі үшінші мегаполис болғалы қаладағы көлік саны жыл сайын артып келеді. Одан бөлек, облыс аумағынан күн сайын қалаға 100 мыңға жуық көлік каттынайды. Бұл жол инфрақұрылымына едәуір жүктеме түсіруде. Мәселені шешу мақсатында биыл жол инфрақұрылымына бюджеттен бөлінген қаражат көлемі 13,2 млрд теңгеге ұлғайтылып, 60 млрд теңгеге жеткізілді.

Жалпы жоспар бойынша құрылысы басталған 384 шақырым жолдың биыл 286 шақырымы пайдалануға берілді. Жыл соңында жақсы жолдардың үлесі 71 пайыздан 75 пайызға артатын болады. Өкінішке қарай, ауыр жүк көліктері жолдарға жүктеме

түсіріп, жолдың тез бұзылуына әсер етіп отыр. Сондықтан бірінші кезекте қалаға кіретін 3 негізгі бағыттағы көшелерге рұқсат етілген салмақтан артық жүк тиеген автокөліктерді автоматты түрде анықтайтын жүйе іске қосылады. Осындай жүйелер келешекте қалған бағыттарға да орнатылатын болады, – дейді Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков.

Әкімнің айтуынша, қаланың транзиттік өткізу қабілетін арттыратын Қонаев даңғылының жалғасы мен А-2 автомобиль жолын қайта құруға және Оңтүстік айналма жолдарының құрылыстарына басымдық беріліп отыр. Бүгінде 16 шақырым болатын Оңтүстік айналма жолы пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін А-2 айналма жолының 3,7 шақырымын толығымен аяқтап, асфальт төселіп, көліктердің жүруіне жағдай жасалады.

Қалалық әкімдіктің есебі бойынша, биыл алғаш рет барлық көше жүйесіне ревизия жүргізіліп, цифрлық паспорттаудан өткізілген. Соның нәтижесінде, көшелер саны 4199-дан 6714-ке дейін, ал олардың ұзындығы 3248-ден 3899 шақырымға дейін ұлғайды. Көлік ағымын реттеп, кептелісті азайту мақсатында 238 бағдаршам интеллектуалды көлік жүйесіне қосылуда. Сонымен қатар көп жылдан бері өзекті болып келген Шымсити, Тұран шағын аудандарының көше кншылыстарына қосымша бағдаршамдар орнатылады.

Шаһар бастылығы тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін қоғамдық көлік жүйесінің қызметіне ерекше мән беріп отыр. Соның нәтижесінде биылдан бастап қоғамдық көлікте тегін жүретін азаматтардың санына 70 жастан асқан зейнеткерлер мен мектеп оқушылары енгізілді. Сондай-ақ автобустардың аялдамаға тоқтамауы және арнайы орындардан тыс жерлерден жолаушыларды отырғы-

зу, түсіру, кешігу фактілері бойынша тасымалдаушы компаниялардың жауапкершілігі күшейтіліп, айыппұл көлемі ұлғайтылды. Қоғамдық көліктердің қозғалысын бақылап, кестеден ауытқуды автоматты түрде айқындайтын жүйені енгізудің нәтижесінде 585,5 млн теңге бюджет қаржысы үнемделді. Жеке инвестор есебінен теміржол вокзалы қайта жаңартылып, онда жолаушыларға барлық қолайлы жағдай жасалған. Енді жыл соңына дейін жаңа әуежай терминалы іске қосылып, бұл қаланың әуе көлігі жолаушыларын өткізу қабілетін он есеге арттырады.

Жүк көлемі көбеюде

Статистика бойынша, биылғы қаңтар-қазанда темір жол көлігі арқылы тасымалданған жүк Шымкент қаласында 16 мың тоннаға құрады. Жүк көлемі жылдан-жылға көбеюде Соның нәтижесінде, қала темір жол арқылы жүк тасымалдауда республикадағы ең жоғары көрсеткішке жеткен аймақ аталып отыр. Шым қала мұнымен ғана шектеліп қоймай, жүк айналымы, жолаушылар тасымалдау мен жолаушылар айналымында да республика бойынша ең үздік көрсеткішке қол жеткізген.

Шаһарда автомобиль және қалалық электр көлігі арқылы тасымалданған жүк 2023 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда 151 пайыз, жүк айналымы 142,6 пайыз, жолаушы тасымалдау 80,6 пайыз, жолаушылар айналымы 87,8 пайызды көрсетті. Яғни, Шым қаланың көлік тасымалындағы көрсеткіші көңіл қуантарлық өсімге ие деуге болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

«Ет сасыса, тұз себер. Тұз сасыса, не себер?»
Қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге, азаматтарды қорғауға тиіс полиция қызметкерлері ешқандай ақтауға келмейтін өрескел әрекеттері үшін тиісті жазаларын алған шығар? Оған жауапты облыстық полиция департаментінің шенді шенеуніктерінен күтейік.

рылған сотының судьясы Л.Лиясова 2024 жылғы 3 қазандағы №3116-23-00-3ж/137 қаулысының анықтама бөлімінде: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 26 қаңтар 2017 жылғы №8-8-5-58/3Т-С-443 санды хатымен миграциялық полиция департаменті ӘҚБТК-тің 492-бабының 1 және 2-бөлігімен әкімшілік жауаптылыққа тартудың кейбір ерекшеліктеріне байланысты түсіндірме берген. Оған сай, адам уақытша болатын (тұратын) жерінде бір айдан астам мерзім жүретін болса, онда ол он күннің ішінде тіркелуі тиіс. Сәйкесінше, егер іссапарға, қонаққа бір айға дейін баратын болса, адамдар уақытша тіркеуге жатпайтындығы да түсіндірілген.

Алайда, аталған түсіндірме хат талаптары қаулы мен хаттама толтырған, осы іс бойынша анықталған тұлғалар тарапынан назарға мүлдем алынбаған.

Негізі О.Зәуірбеков өзінің ата-анасының мекенжайына емін-еркін қонаққа барып тұруға құқылы болған, ол тіркелуге міндетті болмаған. Себебі, О.Зәуірбеков аталған мекенжайда, яғни уақытша болатын (тұратын) жері бойынша бір айға дейін мерзімде ата-анасының үйіне қонаққа барып тұрған. Ол үшін адамдар уақытша тіркелуге жатпайтындығы жоғарыда аталғаны министр хатымен түсіндірілген», – деп тайға таңба басқандай жазылған.

Сонымен, азамат Орын Зәуірбековтің өзінің әкімшілік құқық бұзушылық

Судья Л.Лиясова осы іске қатысы бар лауазымды тұлғалар – Тараз қаласы ПБ 2-ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі С.Әмірбеков пен полицияның учаскелік инспекторы, полиция аға лейтенанты Рауан Мірәбілдаевқа қатысты жекеше қаулы шығарған. Онда былай делінген:

«О.Зәуірбековке қатысты әкімшілік іс бойынша өз қузыреттері негізінде шешім қабылдау барысында Тараз қаласы ПБ 2-ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі С.Әмірбеков пен учаскелік инспектор Р.Мірәбілдаевтың жоғарыда аталып өткен өрескел заң бұзушылыққа жол бергені үшін оларға тиісті қатаң шара қолдану мақсатында Жамбыл облысының ПД бастығының назары аударылсын».

Соңында жекеше қаулы шығарған сотқа қандай шара қолданылғанын хабарлау міндетті екені ескертілген.

«Ет сасыса, тұз себер. Тұз сасыса, не себер?» Қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге, азаматтарды қорғауға тиіс полиция қызметкерлері ешқандай ақтауға келмейтін өрескел әрекеттері үшін тиісті жазаларын алған шығар? Оған жауапты облыстық полиция департаментінің шенді шенеуніктерінен күтейік.

Болат ЖАППАРУЛЫ,
ардагер журналист,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

• ТҰСАУКЕСЕР

«ҚАЗАҚ» ӨЗ ОҚЫРМАНЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

1994 жылы ата-бабаларымыздың құрып, аманаттап берген тәуелсіздігін қайта тіктеп, қалпына келтіріп жатқан өліара шақта бұғаудан босаған ел санасына сілкініс, жалпы қоғамға серпіліс беру мақсатында көрнекті философ Ағын Қасымжанов, тұңғыш антрополог Оразақ Смағұлов, әйгілі зерттеуші-ғалым, жазушы Ақселеу Сейдімбек сынды бірқатар ұлт ұстындарымен бірлесіп «ҚАЗАҚ» атты тарихи-философиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеулері топтастырылып, «Білім» баспасынан 55 000 тиражбен шығарылды. Ол кезде ұстазымыз Жақыпбек Алтаев аталмыш кітаптың жауапты редакторы болып еді. Бұл кітап алғашқыда ел арасында жылдам таралып, қоғамға рух берген.

«Тарих өткен өмірді сөз еткенімен, бүгінге және болашаққа өзгет етеді. Кез келген тарихи танымның өзгет етеді белгілі бір ұлттың, тайпаның, рудың, тіптен жеке адамның өмір тәжірибесі, мақсат-мұраты, моральдық-этикалық нормалары жатады. Түптеп келгенде тарих дегенімізді өзі өмір танудың, қоғам танудың, адам танудың ұлы мектебі», – деп қазақтың

арғы бергі тарихын кеңінен жазған дарынды этнограф Ақселеу Сейдімбектің қазақ тарихына қатысты зерттеуі де кітаптың алғашқы тарауынан орын алды.

Сонымен қатар, қазақтың мыңжылдықтарға ұласқан тарихын нақтылы дәлелдермен зерделей білген академик, тұңғыш антрополог Оразақ Смағұловтың ата-бабаларымыздың тегі, антропология-

лық белгілері туралы жазған қызықты зерттеулері де жинақтың мазмұнын ашып тұр.

Көрнекті философ, профессор Ағын Қасымжановтың жетекшілігімен жарыққа шыққан жинақ қазақ халқының тарихын, әдебиетін, этнографиясын жан-жақты зерттеуге арналған.

Кітапта авторлардың көп жылғы зерттеулерінің нәтижесі келтірілген.

Бұл кітаптың негізгі мақсаты талантты жастардың, ғалымдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, халықтың рухани өрлеуін оны жоғары деңгейге, жалпы адамзаттық, өркениеттік кеңістікке шығару. Ғалымдарға қойған талабымыз – ғылыми ар-намысты ояту, ғылыми тазалыққа, тек қана шындықты айтуға тәрбиелеу, кейбір ұлттық тар өрістілікке жол бермей, жалпы адамзаттық ар-қаданның дамуына жол ашу.

Міне 30 жыл өткенде кітапты заман талабына сай толықтырып, екінші басылымын әзірледік. Бұл басылымда бірінші редакция мүшелерінің зерттеулері толығымен сақталды. Тек, жаңаша көзқараста өскен жауқазын жас буының зерттеулерімен толықтырып отырмыз. Кітаптың атауы да сол қалпы «ҚАЗАҚ» деп аталады.

II басылымға пікір жазғандар қатарында аты

аныз тарихшы, ҚР ҰҒА академигі Болат Көмеков, философия ғылымдарының докторы, профессор Дәулетбек Раев, философия ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Ғабитов сынды қазақтың қабырғалы ғалымдары. ҚазҰУ-дың философия кафедрасының ғылыми кеңесі ұсынған кітапты жаңа технологиялық мүмкіндіктерді кемел пайдалана отырып, тамаша дизайнмен республикалық «Дарын» баспасы басып шығарды. Тарихи-философиялық жинақтың II басылымына енген авторлар қатарында Дархан Жазықбаев, Әсет Құранбек, Нұржан Құлымжанов, Жадыра Қазиевалар бар.

Ұлттық рухтың абыройын арқалаған аталмыш кітаптың жүгі расында жеңіл емес. Бұл қазынамыз бүгін мен болашақтың арасына салынған алтын көпірдің бірі болып, ел игілігіне қызмет етсе, идея авторларының арманы орындалғаны.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
философия кафедрасының профессоры,
Халықаралық эл-Фараби
ғылыми-зерттеу орталығының
ғылыми жетекшісі
Қанат АЛТЫНБЕК,
ҚР Ұлттық кітапханасының қызметкері

• БІЛГЕН ЖӨН

Қазақстанда 2023 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілген «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заң бір жылдан астам қолданыста болды. Бүгін «сот банкроттығы» заңының III тарауына тоқталсақ, банкроттық – бұл азаматтардағы қарыздарды төлеудің, коллекторлардың қауіп-қатерінен және үмітсіздіктің тұрақты сезімінен құтылудың өркениетті тәсілі.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРІН ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Е. КОСТУБАЕВ,
Риддер қалалық сотының
төрағасы

Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және өтініш берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелердің болуы және мынадай шарттарға сәйкестігі төлем қабілеттілігін немесе сот банкроттығын қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы сотқа өтініш беру үшін негіздемелер бола алады: 1) кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша осындай өтініш берілген күні қатарынан он екі ай ішінде төлем болмау; 2) борышкерге қатысты «ҚР банкрот және банк қызметі туралы» және «Микроқаржы қызметі туралы» заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілуі; 3) өтініш берілген күні жеті жыл ішінде соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану фактісінің болмауы. Заңның 20-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығын қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы өтінішіне борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді жүргізу жөнінде шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Осы тармақшада көрсетілген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар ескінің деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының резиденті емес банк филиалының, Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын

ұйымның банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы жауаптары себептердің дәлелді негіздемесі. Екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының резидент емес банкінің филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және (немесе) микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым борышкердің өтінішіне жауап ұсынбаған жағдайда, борышкер өтінішінің көшірмесі немесе өтініштің электрондық форматта жіберілгені туралы растау осы тармақшада көзделген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжат. Заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот бан-

кроттығын қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өтінішін сот оның қарауының қайтарылуы.

Бұл мерзімді ұзартуға жол берілмейді. Заңның 24-бабына сәйкес қаржы басқарушысының қорытындысы сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы, іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде сотқа ұсынылады. Осы санат бойынша істерді қарау мерзімдерін көздейтін жоғарыда баяндалған құқық нормаларын талдай отырып, қаржы басқарушысының қорытындысы іс жүзінде сот қарауы барысында, бір ай мерзім аяқталғанға дейін елеусіз қалған кезде, сондай-ақ 20 жұмыс күні өткеннен кейін процеске қатысушылар кредиторлар атынан сот отырысын ауыстыру туралы жиі өтініш жасайтын жағдайлар да берілетінін атап өткен жөн.

Істі қарау аяқталғаннан кейін қаржы басқарушысының қорытындысы уақытылы ұсынылмаған жағдайда (жиырма жұмыс күні) сот уәкілетті органының атына жеке ұйғарымдар шығарады, алайда бұл шаралар жеткіліксіз, өйткені уәкілетті органнан сот банкроттығы саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар келіп түспейді. Сондықтан, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажет, онда қаржы басқарушысы қорытынды бергенге дейін іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы ұйғарым шығару бойынша сот құқығын белгілеу қажет.

Сот практикасы келіп түскен талап-арыздардың басым бөлігі сотқа дейінгі тәртіпті сақтамау себебі бойынша сот ұйғарымымен қайтарылатынын көрсетеді. Осы санаттағы сот қабылдаған және қарау істердің негізінен өтініш берушінің талаптары қанағаттандырылды және борышкерге қатысты сот банкроттығы рәсімдері қолданылды. Сонымен қатар, осы санат бойынша істерді қарау барысында соттар істерді дайындау және қарау мерзімдері сияқты проблемаға тап болады.

Мәселен, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 302-бабына сәйкес ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сот банкроттығы туралы істер ерекше іс жүргізуде қаралады. АЖК-нің 183-бабының 2-бөлігіне сәйкес жұмыста қалпына келтіру, әке болуды анықтау және алимент өндіріп алу туралы азаматтық істер, сондай-ақ ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу істері істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір айға де-

сы соттың өтінішті қанағаттандыру немесе одан бас тарту туралы шешім шығару үшін маңызды. Қаржы басқарушысының қорытындысында көрсетілген борышкерге қатысты, мүліктің, ақшалай қаражаттың, банкердегі шоттар мен салымдардың, тауарлық-материалдық құндылықтардың болуы мен болмауы туралы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын сотқа да тексеруге уақыт қалмайды.

Иә, істі қарау аяқталғаннан кейін қаржы басқарушысының қорытындысы уақытылы ұсынылмаған жағдайда (жиырма жұмыс күні) сот уәкілетті органының атына жеке ұйғарымдар шығарады, алайда бұл шаралар жеткіліксіз, өйткені уәкілетті органнан сот банкроттығы саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар келіп түспейді. Сондықтан, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажет, онда қаржы басқарушысы қорытынды бергенге дейін іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы ұйғарым шығару бойынша сот құқығын белгілеу қажет.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ



луымыз қажет. Әрбір жол апаты орын алған сайын адам қайтыс болып, не болмаса мертігіп, мүгедек болып жатыр. Бұл ұлттық трагедия. Ал жау жүргіншілер өз қауіпсіздігі үшін жолда белгіленген жерден өтіп, аса сақ жүргені жөн.

Адамдардың жол бойында мезгілсіз ажал құшуына себепкер болудан қашыңыз. Жол жауапкершілігі өте жоғары.

**Ә.ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласының
әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**

• ПІКІР

ӘР ЖҮРГІЗУШІ АДАМ ӨМІРІНЕ ЖАУАПТЫ

Жалпы, көлік апаттарына негізгі жауапкер – жүргізуші. Бүгінде айыппұл көлемі қанша өскенімен, жол қауіпсіздігі ережесін бұзушылар мен жол-көлік оқиғасының саны азаймай отыр. Сондықтан бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы – жол қауіпсіздігі ережесін қатаңдату, тәртіпсіз көлік жүргізушілерге жазаны күшейту.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптарына сәйкес мамандандырылған әкімшілік соттар әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты істерді қарайды. Соның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ҚР ӘҚБтК) 30-тарауы «Көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» деп аталып, онда осы санаттағы құқық бұзушылықтарға қатысты мәселелер қамтылған.

Автокөлік жүргізушілердің арасындағы ең көп таралған әкімшілік құқық

бұзушылықтардың бірі – көлік жүргізушінің алкогольден, есірткіден және (немесе) уытқұмарлықтан мас күйінде көлік құралын жүргізуі, сол сияқты көлік құралын жүргізуі алкогольден, есірткіден және (немесе) уытқұмарлықтан мас күйдегі адамға беруі.

Кім қандай көлік мінсе де, бәріне ортақ орындалуға міндетті ереже бар, ол – Жол қозғалысы ережесі. Жүргізушінің жауапкершілігі ең алдымен адам өмірінің кепілі. Көлікті мас күйінде жүргізетін адамдарды қоғам болып айыптап, оларға қатаң тыйым са-

• МӘСЕЛЕ

АЛАЯҚТЫҚ АРТЫП БАРАДЫ

Соңғы жылдары елімізде алаяқтық істерінің күрт артқаны байқалады. Әсіресе онлайн сауда күшейіп, интернет мүмкіндіктері көбейгені алаяқтардың түрлі қитұрқы әрекеттерге баруына мүмкіндік беріп отыр. Жеңіл табысқа кенелгісі келетіндердің жасаған қылмысы соңғы үш жыл бедерінде он есеге дейін артқаны ойландырмай қоймайды. Сондықтан еліміздің азаматтарына ұқыпты сақ болу қажет.



Ресми дерекке сүйенсек, өткен жылы елімізде 4,5 мың интернет алаяқтық жасалған екен. Қылмыскерлер қазір елдің ақшасын интернет-мессенджерлер арқылы үлтеп кетуге машыктанып алған. Қаржы жобаларын ұсынып, өзін брокермін деп таныстыратын алаяқтар да қаптап кеткен. Жалпы интернет алаяқтықтың түрлі жолдары шығуда. Сондықтан азаматтар ең алдымен өз есепшоттары мен қаражатына сақ болғаны жөн.

Атап айтар болсақ, төлқұжат пен жеке тұлғаларға берілетін сандық код-ЖСН арқылы жеке мәліметтерді-деректерді пайдаланып несие рәсімдеу, жеке тұлғалардың ұялы телефонынан телефон нөмірі арқылы жүктелген Банктік есеп шоттарынан аударым жасау арқылы қаражаттарды ұрлау, әлеуметтік желідегі сату-сатып алу хабарламалары арқылы ұрлау, жалға алған тұрмыстық техникалар мен ойын құрылғыларын кепілге тапсырып қаражаттар жымқыру, заманауи техникаларды пайдаланып жалған құжаттар жасау секілді қылмыс түрлері қоғамда кең тарап барады. Сондықтан жоғарыдағы жағдайлармен

бетпе-бет келсеңіз он ойланп, мұқият тексеріп барып әрекет ету керек.

Рас құқық қорғау органдары да IT полиция құрып, арнайы онлайн ғаламтор алаяқтарымен күреске бағытталған топтар жасақтап, халық арасында түсіндіру, сақтандыру жұмыстарын да жүргізіп жатыр. Әйтсе де алаяққа алданып барып әрекеттенгеннен гөрі, оның алдын алу көп әуешіліктен құтқарары сөзсіз.

2024 жылғы 22 шілдеден бастап Ұлттық Банктің Антифрод-орталығын құру туралы норма белгіленді. Орталықтың басты міндеті – алаяқтық операциялар бойынша деректерді жинау, банкердің және МҚҰ-ның нақты уақыт режимінде күдікті операцияларды бұғаттауы. Яғни алаяқтықпен барынша күрес жүргізіліп жатыр. Сондықтан алдағы уақытта алаяқтардың жолы кесілеріне үміт зор!

**А. УКУБАЕВА,
Бостандық ауданы
№2 сот әкімшісі басшысының
міндетін атқарушы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

• ҚЫЗМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АР-ОҒДАН АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайына мемлекеттік қызметпен байланысты белгілі бір шектеулер бекітетін нормалар кіреді.

Осы негізгі шектеулер ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңының 13-бабында бекітілген. Мемлекеттік қызметкер:

– Өкілді органының депутаты болуға;

– Педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға;

– Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу Қазақстанның заңнамасына сәйкес оның лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін болса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға құқылы емес.

– Өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

– Өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

– Ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

– Лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдалануға құқылы емес.

Мемлекеттік қызметші заңнама-



**Зет БАҚЫТБЕК,
Ақтөбе қалалық
№2 сотының бас маманы**

мен бекітілген тәртіпте, қызметке қабылданғаннан кейін бір айдың ішінде осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді, акцияларды және пайдаланылуы кірістер алуға әкелетін өзге де мүлікті мемлекеттік қызметті өткеру уақытында Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға тапсыруы керек.

Айта кететін жағдай, мемлекеттік қызметшінің сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен ғана кіріс алуға құқығы бар.

Мемлекеттік қызметшілердің әр түрлі санаттарының құқықтық жағдайының ерекшеліктері оларға жүктелген міндеттермен және қызметтік өкілеттіктер сипатымен, өздері қызмет ететін мемлекеттік органдар қызметінің ерекшелігімен түсіндіріледі.

Мемлекеттік қызметші тек шектеулерге ғана емес, сондай-ақ құқықтар мен бостандықтарды иеленіп отырып, қоғам мен мемлекет алдында бірқатар міндеттер атқаруының естен шығармау керек.

• БІР МҮДДЕ

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРДЫ

Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары және оларға қойылатын талаптар ҚР Азаматтық процесі кодексінің 133-3-бабының төртінші бөлігіне сәйкес әзірленеді және сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану тәртібін айқындайды.

Бейнеконференциялық байланысты қолдана отырып сот отырыстары техникалық байланыс құралдарымен жасқалған сот отырыстары залдарында өткізіледі.

Бейнеконференцбайланыс қолданылатын сот отырысын өткізуді ұйымдастырып дайындау оны өткізу күнін, уақытын, орнын анықтауға, техникалық мамандарды қоса алғанда, процеске қатысушыларды тиісінше ақпараттандыруға негізделді.

Бейнеконференцбайланысты қолдана отырып сот отырысын өткізу күні алдын ала сот отырысы басталғанға дейін бейнеконференцбайланысты қамтамасыз ететін сот отырысының

хатшысы техникалық құралдарының жұмысқа жарамдылығын тексереді. Техникалық ақаулар анықталған кезде сот отырысының хатшысы бейнеконференцбайланыс жабдығының жұмысын қалпына келтіру бойынша іс-шараларды өткізу үшін техникалық маманға дереу хабарлар етеді.

Бейнеконференцбайланысты қамтамасыз ететін сот немесе мекеме сот отырысына қатысуға келген адамдардың жеке басын, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін тексереді және сот отырысына қатысу мүмкіндігін анықтайды. Бұл ретте сот отырысы-



А.НУРУМБЕТ,
Түркістан облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маман
сот отырысының хатшысы

ның хатшысы немесе басшысы істі қарайтын сотқа бейнеконференцбайланыс арқылы сот отырысына қатысатын адамдар туралы баяндайды.

Процеске қатысушыны біркелкі сәйкестендіру үшін оның орналасқан жері жеткілікті түрде жарықтандырылуы, сот отырысының қалыптасуы өтуіне кедергі келтіруі мүмкін бөгде шусыз болуы тиіс. Процеске қатысушы дене қимылын барынша азайтып, кідіріс жасап, анық сөйлейді.

Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдары қолданылып өтетін сот процесі туралы ақпаратты (сот атауы, сот отырысы залының нөмірі, сот отырысының күні мен уақыты, техникалық байланыс құралдары туралы мәліметтер көрсетілген) сот отырысының хатшысы Қазақстанның сот органдарының автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінде орналастырады.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

- «Темір-АХТ» ЖШС (БСН 100640000963) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Пушкин көшесі, 55-үй.
- «Ірбис и Ко» ЖШС (БСН 140140017075) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 15-үй, 10-пәтер, тел. 87713416101.
- «TrueFootball» ЖШС (БСН 230840006440) (Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 10/1 үй, 1102-пәтер) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 2А, тел. 87474432643.
- «Авангард» ЖШС (БСН 031240016497) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: СКО, Ақжайын ауданы, Смирнов ауылы, Пушкин көшесі, 56-үй, тел. 87053211282.
- «Асыл жүрек мекені Қайырымдылық Қоры» Жеке қоры ЖШС (БСН 220740036843) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі, 46/1 үй, тел. 87770079809.
- «Ернар и Ко» ЖШС (БСН 200940029844) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Шиели кенті, Бұдайбай көшесі, 63-үй.
- «QConsulting Company» ЖШС (БСН 240240036620) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Әліхан Бөкейхан көшесі, 25Б үй, 25-пәтер.
- «Дарихана АВС-Витамин» ЖШС (БСН 180840012493) (Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Үлкеншыған ауылдық округі, Үлкеншыған ауылы, Қ. Мұңайтпасов көшесі, 42-үй, пошта индексі 041300) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі, 34-үй, 12-пәтер, тел. 87017707101, 87762060909.
- «M&Daniel» ЖШС (БСН 130540016654) (Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 119, 15-көне) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бузурбаев көшесі, 21, 63-пәтер, тел. 87472509100.
- «Алтыналмас Торговый Дом» ЖШС (БСН 180840001993) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Мелеу ауданы, Елебеков көшесі, 10-үй, тел. 87273500222.
- «TechServizi» ЖШС (БСН 2307400027826) (050021, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 20/1-үй, 53-пәтер) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қайрат ықшам ауданы, 152/1-үй, 12-корпус, 4-пәтер, тел. 87478891751.
- «Бисембин фильм» ЖШС (БСН 200840007126) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Ауэзов ауданы, Ақсай-1 шағын ауданы, 11-үй, 16-пәтер, пошта индексі А12А3Е2, тел. +77770071993.
- «BLS SPORT» ЖШС (БСН 150640024543) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайды қабылданады: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 125. Тел.: 8 775 593 67 09.
- «People Event Agency» ЖШС (БСН 221040017180) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайды қабылданады: Алматы қаласы, Алексеев көшесі, 64, тел. +77076353158.
- «Геофизик» Фирмасы» ЖШС (БСН 940340000665) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайды қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 181-үй, 55-өңір, тел. 87478891751.
- «Шардара ауданының Шардара қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Шардара қаласының шаруашылық қызметі» КММ-і (БСН 221240020633) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайды қабылданады: Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Сейіткасым Әшіров көшесі, 6-ғимарат, пошта индексі 161400.

ӘРТУРЛІ

- «Collective (Коллектив)» ЖШС, БСН 220840039128, Алматы қаласы, 07.10.2022 жылдан 13.11.2024 жылға дейін қате БСН 180540031191 бар екемі мөрі бар барлық құжаттар жарамды деп есептелетінін хабарлайды.
- «Секер-Арқалық» ЖШС, БСН 001240001473, жарғылық капиталдың 2 030 222.04 (екі миллион отыз мың екі жүз жиырма екі) теңге (төрт) тиын сомасына азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Гөрбачев көшесі, 38.
- Алматы қаласы Әуезов ауданының №2 аудандық сотында Алматы қаласы, Ақсай-3 ықшам ауданы, 33-үй, 84-пәтер мекенжайында тұратын Делекина Камиланың атасы Александр Владимирович Делекиннің, 1947 жылғы 19 сәуірде туған, соңғы жұмыс орны белгісіз, туған жері: Лебедян ауданы, Сумы облысы, Украина Республикасы, бұрын мына мекенжайда тұрған: Алматы облысы, Қонаев қаласы (Қашағай), 5 көшесі (5 шағын аудан), 9, 23-пәтер, қайтыс болды деп тану туралы арызды қаралау. Александр Владимирович Делекиннің тұрғылықты жері туралы немесе ол туралы қандайда бір мәліметтері бар адамдар хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарлауын сұраймыз (Алматы қаласы Әуезов ауданының №2 аудандық сотына, Қуанышбаев көшесі, 44А). Тел.: 8707400695.
- Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық соты П.Ю. Земляковтың қайтыс болған Елена Викторовна Землякованың (17.04.1963 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген) қайтыс болды деп тану туралы арызды бойынша азаматтық іс қозғағаны хабарлайды. Землякованың тұрғылықты жері туралы мәліметі бар азаматтардан 3 ай ішінде сотқа хабарлауын сұраймыз.
Күн тәртібінде
Жер учаскелерін сатуды қарастыру туралы:
қад. №13-199-006-749 - 1000,000 га;
қад. №13-199-006-673 - 8048,4216 га;
қад. №13-199-006-742 - 2600,000 га;
қад. №13-199-006-744 - 1099,9999 га;
қад. №13-199-006-745 - 1000,000 га;
қад. №13-199-006-746 - 2600,000 га.
- «Қарағандық» ЖШС, БСН 050540002558, 30.12.2024 жылғы Ақтау қаласы, 13 шағынаудан, 33/1 ғимарат, 201-кабинет, сағат 11.00 серіктестіктің қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.
Күн тәртібінде
Жер учаскелерін сатуды қарастыру туралы:
қад. №13-199-006-749 - 1000,000 га;
қад. №13-199-006-673 - 8048,4216 га;
қад. №13-199-006-742 - 2600,000 га;
қад. №13-199-006-744 - 1099,9999 га;
қад. №13-199-006-745 - 1000,000 га;
қад. №13-199-006-746 - 2600,000 га.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.
E-mail: kaidybaeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-РV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жанбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 8705422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

20. «Талғар-Спирт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) өз қатысушыларына «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес Серіктестіктің кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.
Серіктестіктің қатысушыларының кезекті жалпы жиналысының күні тәртібі:
1. Серіктестік 2023 жылғы қаржылық есептілігін бекіту туралы.
2. Таза табысты бөлу туралы.
Өткізу орны мен уақыты: 2024 жылғы 30 желтоқсан, сағат 11:00, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302.

Қатысушылардың кезекті жалпы жиналысы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47-бабында белгіленген тәртіппен өткізіледі.
Кезекті жалпы жиналыстың күні тәртібі бойынша материалдармен мына мекенжай бойынша танысуға болады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302, тел. 8 (727) 393 69 90.

24. Қышыма – жұқпалы тері ауруы. Оны қышыма қотыр кенесі таратады. Қышыма ауруымен ауырған адамнан сау адамға, тікелей қарым-қатынаста болғанда, сондай-ақ олардың пайдаланған төсек орындарын, іш киімдерін, киім-кешектерін, сүргінетін орамалдарын, жекеленген басқа да заттарын пайдаланғандарына жұғуы мүмкін. Сондай-ақ тазалық індет тәртібін сақтамағандық жағдайда қышыманы моншадан, душтан, жатақханадан, пойыздан, қоңақүйлерден, яғни кез келген жерлерден жұқтырып алуыңыз мүмкін. Аурудың жасырын кезеңі 7 күннен 10 күнге дейін кейде 1,5 айға дейін созылуы мүмкін. Белгілері: қолдың саусақтарының арасында, кеуде мен іштің, санның, аяқтың терісінде бөртпелер және қышыма пайда болады. Науқас емдеуге жағдайы жеткізілгеннен кейін емделу амбулаториялық емдеу аяқталғаннан кейін қышыма ошақтарында қорытынды дезинфекциялау жұмыстары жүргізіледі. Ауру ошағында науқастың киімдері, жеке тұтыну заттары және үй-жай заттары дезинсекцияланады. Төсек жабдықтары, киімдері, жұмсақ ойыншықтар мен науқастың заттарымен жанасқан басқа да заттар дезинфекциялық камералар арқылы залалсыздандырылады. Қышыма ошақтарында қорытынды дезинфекция жұмыстары дезинсекциялық ертіңділер көмегімен жүргізіледі.

Дезинсекциялық дез ертіңді нұсқаулыққа сай жұмсалады. Егер сізде қышыма белгілері немесе тері бөртпесі байқалса, дәрігерге қаралу керек.

Түркістан облысы бойынша Түлкібас ауданы дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы Үйсембаева Б.Т

30. Хабарландыру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:
1. 2025 ж. ғылыми зерттеу жүргізу үшін, кейін табиғи ортаға шығару отырып Каспий теңізі итбалықтарын (Pusa caspica) алуға арналған биологиялық негіздеме
2. Ақбалықты (Stenodus nelma Pallas, 1773) ғылыми зерттеулер жүргізу (доместикациялау, толықтырушы аналық үйірлерін қалыптастыру және алдағы уақытта өсімін жасауды молайту) үшін Ертіс бассейнінен алуға арналған биологиялық негіздеме
3. Тайменді (Hucho taimen) ғылыми зерттеулер жүргізу (доместикациялау, толықтырушы аналық үйірлерін қалыптастыру және алдағы уақытта өсімін жасауды молайту) үшін Ертіс бассейнінен алуға арналған биологиялық негіздеме
Жоба осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін, 2024 жылдың 5 желтоқсанынан бастап https://eportal.kz/ бірінші экологиялық порталында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде он жұмыс күні бойы ескерткіштер мен ұсыныстарды ұсыну үшін қолжетімді болады.
Әзірлеушілер: «Гидробиология және экология институты» Мекемесі, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы, Рахметова көшесі, 75-үй, тел. 8(727) 388-33-28; «БШҒӨ» ЖШС, Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы 89А, тел. 8(727)383-17-15.

Түркістан облысы бойынша Түлкібас ауданы дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы Үйсембаева Б.Т

3. 2024 жылдың 25 қыркүйегінде қайтыс болған Имаганбетова Индира Зиятдиновнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.А. Жауқановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 85/75 үй.
4. 2024 жылдың 13 тамызында қайтыс болған Өмірқұлов Бақытхан Дәрішұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 90.
29. Қайтыс болған Ембергенов Жанабай Қудайбергеновичтің мұрагерлеріне іздеу саламыз. Мұрагерлер нотариус Нугманова Р.Ю. Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-кеңсе, 8701352433 нөміріне хабарласуы сұралады.

МҰРАГЕРЛІК

3. 2024 жылдың 25 қыркүйегінде қайтыс болған Имаганбетова Индира Зиятдиновнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.А. Жауқановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 85/75 үй.
4. 2024 жылдың 13 тамызында қайтыс болған Өмірқұлов Бақытхан Дәрішұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 90.
29. Қайтыс болған Ембергенов Жанабай Қудайбергеновичтің мұрагерлеріне іздеу саламыз. Мұрагерлер нотариус Нугманова Р.Ю. Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-кеңсе, 8701352433 нөміріне хабарласуы сұралады.

13. Қызылорда облыстық соты және Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Қызылорда облысы бойынша судьялар қауымдастығы марқұм отставкадағы судья Елтай Сматаұлының зайыбы

Жалдыбай Тұрдыгүл СҰЛТАНҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына және жақын туыстарына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

Шымкент шаһары қараша айының басында қазақ театрлары шеруіндегі ең көне өнер ордасы Жұмат Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрының 95 жылдығын атап өтті. Мерейтой аясында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Орта Азия елдерінің ІХ Халықаралық театр фестивалі Шымқалада өтіп, оған жеті мемлекеттің өнер өкілдері қатысты.

Жұмат Шанин атындағы академиялық драма театрында әдебиет бөлімінің жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері, драматург Сая Қасымбек фестивалға театр ұжымының үлкен дайындықпен қатысып, жақсы жетістіктерге қол жеткізгенін айтты. Бұдан әрі әңгіме бүгінгі қазақ театрларының тыныс-тіршілігі жайында өрбіді.

болмаса, оқырман ары қарай оқымай қояды. Қызықса, тереңдетіп оқиды. Пьеса олай емес. Сахнаға шығып, перде ашылғаннан кейін ол бір ота үстелі сияқты. Драматургтің жазған дүниесі тікелей көрерменнің көкейіне барып жарылатын бомба тәріздес. Сондықтан драматургия жанры прозаға қарағанда ауыр әрі жауапты. Пьеса драма сахнаға барған кезде бірден оқиғаның мүйізін қайыратындай, шымыр, шиеленіске толы, қақтығысы логикамен өрбитін жұп-жұмыр дүние



ТЕАТР – ЖАНДЫ ӨНЕР



– Мерейлі мерекеге қандай дайындықпен келдіңіздер?

– Бұған дейін біз театрдың тарихын 1934 жылдан басталады деп есептегенбіз. Алайда өткенге ізденіс жүргізгенде, қалалық архивтен «1929 жылы Шымкент қалалық Қазақ драма театрының күрделі жөндеу жұмысына бес мың рубль бөлінсін» деген сол кездегі қалалық атқару комитетінің хаттамасы және мөрленіп, қатталған сметалық құжаты табылды. Демек, театр 1934 жылға дейін ашылды деген сөз. Солай мұрағаттағы құжаттардан табылған деректер негізінде қала әкімшілігінің келісімімен театрдың 95 жылдығын атап өтеміз деп шешім қабылдадық. Осылайша қала әкімі Ф. Сыздықбековтің ықпалымен Өуезов театрында екі жылда бір өтетін дәстүрлі Орта Азия театрларының ІХ фестивалін біздің театрымыздың мерейтойына орайластырып, Шымкентте алты күн бойы атап өттік.

Тынымсыз зерттеу мен ізденістер нәтижесінде жинаған театр тарихынан сыр шертетін деректерді, осы қасиетті қара шаңырақта еңбек еткен алғашқы майталмандар туралы мәліметтерді көлемді он мақалама өзек етіп «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Шымкент келбеті», «Оңтүстік Қазақстан», «Ана тілі» газеттеріне жарияладым. 1936–1938 жылдары қазақ театрын дамыту жолында Петербордағы Өнер театрымен келісім жасалып, 22 талантты жасты режиссер, актер шеберлігіне шыңдау үшін сонда оқуға жібереді. Ал сол уақытта Ресейдегі бұл жастардың білімге құштарлығы, өнерге деген талабы тәлімгерлерін тәнті етті. Халел Шаженнов бастаған, Хадиша Бөкеева, Гайнижамал Хайруллина, Жұмабике Серікбаева, Мәлік Жүсіпов, Қали Бейсекеев, т.б. ресейден тәлім алып келген алғашқы театр тарландарымен бірге 1938 жылы олардың тәлімгері, Василий Меркурьев те сол кездегі Шымкент қалалық драма театрына келіп, бір жыл сегіз ай бірге жұмыс істеп, Халел Шаженновты режиссураға баулып, театрдың

жұмысын жолға қойып кетеді. Мерейтойға қарсы еңбектеріме театр тарихында бұрын-соңды ешкім ескермеген тұңғыш кәсіби режиссер Халел Шаженновтың атын тірілкенім үшін мақтанамын! Бұл – менің мерейтойға бірінші тартуым.

Екіншіден, осы фестиваль менің Жұмат Шанин өмірінен құралған «Атжалман ғасыр» атты драмалық қойылыммен ашылды. Осы пьесамда Жанбикенің рөлін сомдаған актриса ҚР Мәдениет саласының үздігі Мөлдір Зияева «Ең үздік әйел» номинациясын жеңіп алды. Шанин рөлін ойнаған актер Махметәлі Дәриев те арнайы жүлдеге ие болып, 500 мың ақшалай сыйлықты иеленді. Осылайша театрдың мерейтойына зерттеу мақалаларым арқылы, драмалық шығармашылығыммен де өз үлесімді қостым деп есептеймін.

– Жазушы, режиссер, драматургтің қызметі тамырлас болғанымен, үшеуін байланыстырып бірге алып жүру оңай емес шығар? Осы жолда қандай жетістіктерге жеттіңіз?

– Жазушы, режиссер, драматург – үшеуі үш әлем. Жазушы көбінесе проза жанрына қалам тербейтін болғандықтан, оның аудиториясы бөлек. Ал драматургия – режиссура екеуі қабысып жатқан әлем. Бірақ драматург режиссер емес. Драматургтің жазған дүниесі режиссердің қолына түскен кезде, режиссер драматургпен үндесе жұмыс істейді. Мысалы, М.Өуезовтің «Қарағөз» шығармасын әр режиссер әртүрлі, өзінің көру-танымы бойынша қойды ғой. Сондықтан драматургтің туындысы режиссердің қолына түскен кезде міндетті түрде өзгеріске енеді. Кейбір драматургтер бір сөз де, бір сөйлем де қысқартып деп талап етіп жатады. Мен ешқашан ондай талап қоймаймын. Бастысы, менің идеям мен негізгі тақырыптан ауытқымаса болды. Ал режиссер мен драматургті байланыстыратын – сахна. Сахнада жалғандық жоқ. Прозада көңілге қонатын, қонбайтын шығарма оқырман санасына, парасат-пайымына қарай қабылданады ғой. Қызық

болуы керек. Ал проза – аттың тізгінін босатып жіберіп, еркін отырып жазатын сала.

Бүгінгі драматургияға келсек, драматургия бізде бар, бірақ оның өркендеуіне мүмкіндік болмай тұр. Себебі драматургтердің жазған пьесасын театрлар әрі кетсе 500 мың теңгеден артыққа сатып алғысы келмейді. Драматургтерді қыжылтатыны осы. Мысалы, пьесаны қойғаннан кейін, ол театрға қаншама миллион кіріс кіргізеді ғой. Театр осыны ескергісі келмейді. Драматургтің еңбегін пайдаланғысы келеді. Драматург ешқандай қолдаусыз, қорғаусыз. Бізде Қазақстанда авторлық құқықтың қорғалуы өте төмен.

Ал жеке шығармашылығыма, келетін болсақ: әрине, көп тізбелемей-ақ бір-екеуіне тоқтаймын. 2016 жылы Астана жастар театрында «Лифт» атты пьесам сахналанды, көрерменнің көңілінен шықты деп айта аламын. 2020 жылы «Ерекше күн» тақырыбындағы мелодрама Халықаралық DRAMA.kz тәуелсіз драматургтер байқауында бас жүлдені иемденді. Күні кешегі ІХ фестивалда да ТҮРКСОЙ ұйымының арнайы төсбелгісімен марапатталдым. Республика көлеміндегі 16 театрда шығармаларым тоқтаусыз қойылып жатыр. Осы ретте, Қазақстан театртанушы қайраткерлер одағының сараптамасымен «Драмалары ең көп қойылатын драматургтер» қатарына ендім. Үш томдық пьесалар жинағым, «Көк бөрілері» тарихи романым жарық көрді.

– Өзіңіздің ізіңізбен келе жатқан жастарға не айтар едіңіз?

– Жастардың өскенін, жас режиссерлердің жан-жақты ізденгенін қолдаймын. Театрдың сахнасында өзгеріс, жаңа бір қозғалыс болуы керек. Бірақ соңғы кезде драматургиямен жұмыс істемейтін, өзінің оқиған роман, повестерін сахнаға шығаратын режиссерлер көбейгені драматургияның тоқырауына ықпал етуде. Олар

драматургтермен жұмыс істегісі келмейді, пьесаның талаптарымен басын қатыруға құлықты емес. Өйткені, пьесадағы оқиғалармен шектеліп қалмай, өзінің қиялындағы нәрсесін сахнаға шығаруына біздің театрлар да жол беріп отыр. Себебі, дәстүрлі қойылымнан көрермен шаршады деп есептейді. Театртанушылардың кейбірі бұған қарсы болса, енді бірі қоштап та жатады. Ал көрермен жаңағы «мипалау» спектакльді көрген кезде, «театр осы екен» деп, қабылдайды. Мысалы, театрдың мәйегі сөз болса, соңғы кезде режиссерлердің басым көпшілігі сөзді сылып тастап, оқиғаны пластика арқылы беріп жүр. Сондай қойылымдар қойылып та жүр. Бұның бәрі оңсыз да сорлап жатқан қазақ тіліне зиянын тигізеді.

Сосын «Фестивальный» деген нәрсе бар бізде. Кәдімгі қойылым мен фестивальға ұсынылатын еңбек болып бөлінеді. Фестивальға деген туындыны қарапайым көрермен қабылдай алмайды, тек қазылар алқасы түсінеді. Себебі олар соның кәсіби маманы. Оларға сондай жаңалық керек. Бұл тығырықтан қалай шығуға болатынын мен білмеймін. Сол жаңағы режиссерлар драматургия өлетін болса, болашақта өздерінің де театрға қажеті болмайтынын әзірге түсінбей жүр.

Мәскеуге барсаңыз, әр театрдың өз бағыты бар. Мысалы, классикалық қойылымдар арқылы өзінің ұлттық беделін ұстап отырады. Ал кейбірі экспериментальды театрлар. Негізі бізге де осындай нәрсе енгізілген дұрыс. Мәселен, бізде сатира театры бар, онда драмалық дүние қойылмауы керек. Ол жерде негізінен сатиралық, юморлық бағыттағы

қойылым қойылады. Операда – опера қойылады. Ал академиялық театр болғаннан кейін, біз де енді дәстүрлі қойылымнан алыстамасақ деп ойлаймын.

Қазір жаңа, заманауи бағытта білім алған жастар көп. Театрдың болашағы осы жастардың қолында. Сосын публицистикалық, журналистік жанр тілін қолданатын пьесалар көбейіп кетті. Бұның бәрі неден туындайды? Гонорардан қашқан театрлар режиссерлердің романдан жасалған интерпретациясына жүгініп, драматургияның құндылығын жойып жатыр. Драматургтер де көне тарихқа үнілуге ерінеді. Ал ізденіп, әдемі жазғандардың еңбегін театрлар қаламақысын қымбатсынып алмайды. Осындай шым-шытырық проблема асқынып тұр. Гете айтқан ғой «Ұлтты тану үшін, театрына бар» деп. Бәлкім, қазақтың тілінің өліп, жат тілге тәуелді болғанымыздың ықпалы да осы жағдайға әсер ете ме екен?! Біздің театрымызда өнерлі, талантты актер, режиссерлер бар, бірақ драматургия қолдан тұншықтырылып жатыр. Сол анық.

– Өнеге тұтқан әкеңіз жайлы жазбаларыңызды оқығанда, нағыз ұлттық тәрбиенің өзгін көргендей болдым. Балаларыңызға берген тәрбиеңіз жөнінде, жалпы, бүгінгі ұлттық тәрбие жөнінде не айтар едіңіз?

– Баланы қалай тәрбиелеу керек деген сұрақ, әсіресе, оқу орындарына шығармашылық кездесуге барған кезімде ата-ана, ұстаздар тарапынан көп қойылады. Мен ылғи да әкемді еске түсіремін. Шынымды айтсам, әкем маған мынаны былай қылу керек деп айтқан емес. Әкем қазақ даласының оқымаған академигі еді ғой. Ауылға өте сыйлы болатын. Бүкіл ауыл «Қасекке» дейтін, мені «Қасекенің қара кызы» дейтін. Әкемнің әрбір сөзі, әрбір істеген ісі маған өнеге болды. Өлісізге, жетімдерге, жағдайы төмен жоқ-жітікке қатты қолдау көрсететін. Барымен бөлісіп, қолы жетпегенге жылы сөзін аямайтын. Сондықтан да бүкіл ауылға қадірлі болды әкем. Соны көріп өскендіктен, тура әкемдей болсам да, соған ұқсауға тырысып бақтым. Осыдан түйенім, ұрпақ ұлттық рухта тәрбиеленуі үшін алдында үлгі тұтар тұлғалары болуы керек.

Театрда әдебиет бөлімін басқаратындықтан, көбіне мектептерге, қаладағы жоғары оқу орындарына кездесуге шақырғанда, жастармен ұлттық тәрбие, тіл, әдебиет бағытында ашық әңгімелесіп, балаларды әдебиетке баулып отырамын. Ондағы мақсатым – әр ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды тамшыдай болса да сіңіру.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

Ұлбала ӘЛШЕВА,
«Заң газеті»

Пікір

Ғалиябану БИЖАНОВА,
Шымкент қаласының
Ішкі саясат және жастар істері
жөніндегі КММ-нің «Ақпарат»
бөлімі жетекшісі:

Сырлы сөздің Саясы атанған Сая Қасымбек – бүгінде өнер ордасы театрда еңбек ете жүріп, көптеген драматургиялық туындыны жарыққа әкелген жан. Театр өнерінің қайнар көзі мен арқауы – ұлттық драматургия десек, Саяның драматургия саласындағы еңбегі ерен. Егіз ұғымға айналып, бірін-бірі толықтырып жүрген көркем шығарма мен драматургияны Сәкен терең меңгерген. Әуелі сырлы сөзі арқылы оқырман жүрегіне жеткен шығармалары бүгінде сахналанып, өз көрерменін баурап алып жатыр.

Әсіресе, Сая Қасымбектің сталинизмнің қанды құрығына ілінген Ж.Шанин туралы, оның соңғы жылдардағы өмірі туралы жазған «Атжалман ғасыр» атты тарихи шығармасы сахналанып, көп көрермен жинады. Сая Қасымбектің ерекшелігі – тарихи тақырыптарға тәйсалмай, жүрексіңбей баруында.

